

ережелерін, сана, тәрбие нақылдарын, үлгі өнегелерін артық білген адам және өзі де өнегелі сөздерді жанынан айта білген адамның сол елге айрықша қадірлі болғанын көрсетеді. Бұл пікірде үлкен шындық қоғамның әлеуметтік өмірінің ақиқат заңдылықтары көрініс тапқан. Сонымен қатар автор елдің жаугершілік жағдайында жастарға үлгі қылатыны соғыс майданында жауды мұқататын батыр болса, жайшылықта үлгі қылатыны тіл майданында «дұшпанға» сөз жібермеген шешен би болғанын атап өтеді [4, 256 б.].

Қазақтың дәстүлі қоғамында батырдың да, бидің де өз орны болған. Әйтсе де хандардың да, батырлардың да, байлардың да кемшіліктерін, бетке айтып, міндерін көрсетіп, жолдан тайғандарын түзетіп, тура жолға салушы билер болған [4, 256 б.].

Айтылған жайларға сүйенгенде, халықтың байырғы қоғамында шешен билердің орны үлкен болғаны туралы пікір түюге болады. Бұл реттен келгенде, Бұқар жыраудың, Төле бидің бағасы туралы шешендік сөздерінде олардың өз дәуірінің үлкен шындығы екшеліп, жинақталып көрініс тапқан деуге болады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Шешендік сөздер / Құрастырған Б.Адамбаев.-Алматы, 1999.- 186 б.
2. Ж. Дәдебаев. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері.- Алматы, 1996.- 333 б.
3. Адамбаев Б. Халық даналығы. –Алматы,1976.
4. Мәметова Ә. Шешендік сөздер // Қазақ әдебиетінің тарихы I том.-Алматы,1945.- 226 б.
5. Негимов С. Шешендік өнер.-Алматы,1997.-208 б.

ӘОЖ 1751

## **М.МАҒАУИННІҢ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР**

### **Жолдасғали Жұлдыз Тлекқызы**

[taskalieva2016@mail.ru](mailto:taskalieva2016@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтерін даярлау» мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Қ.М.Байтанасова

Тіл байлығын игеру, сөз қорын молайту бар кезде, сол бай тілдің күрделілігі де туындайды. Біз талдағалы отырған қаламгер Мұхтар Мағауиннің соңғы жылдардағы жазылған әңгімелерінің болмысы күрделі әрі көркем. Жазушының шығармаларында көркемдік тәсілдерді қолдануына қарай дербес стилін аңғарамыз. ХХІ ғасырдың басындағы қазақ мәдениетінің символдық тенденциялары М.Мағауиннің шығармашылық сана-сезімінде айрықша көрініс тапқан. Жазушы әрбір туындысында баяндаудың ерекше түрін, сюжеттік мағына мен кейіпкерлерін бейнелеуде көркемдік тәсілдерді мол қолданады. Әңгімелеріндегі толыққанды бейнелер арқылы өз заманының өзекті мәселелерін жеткізеді. Жаңа уақыттың аяқ алысын аңғарып, оған үн қоса отырып, табиғи қалыптағы кейіпкер сомдауға ұмтылады. Көркем эстетикалық мақсатын да ұмыт қалдырмай, өмірдің көлеңкелі тұстарын да әшкерелейді.

Жазушы М.Мағауин шығармалары көркемдік әдіс-тәсілге бай, кемел әңгімелері баршылық. Көркем шығарманы талдау кезінде характер жасау, бейненің шынайылығы, сурет байлығы, тіл шеберлігі, психологизм молдығы тұрғысынан қарастырылатыны белгілі. Қаламгердің «Құмырсқа-қырғын», «Қуыршақ», «Күмбез», «Екеу», «Тағдыр жазуы», «Қос ағаш» әңгімелері осы тұрғыда талданатын көркем дүниелер. Алдымен М.Мағауиннің прозасында елдік, тарихи сипат мол, жазу машығында да ерекшілік бар: «Кейде жүрдек жазу мәнері

тасырқап барып, қайтадан екпін алады. Лирика мен мысқыл араласқан осындай күрделі көркем иірімде тұлғаланған әр қаһарманның әрқайсысына ортақ бір сипат тән. Ол – сол кейіпкер әлемінің қос жарылуы. Яғни, әлгі қаһарман бір оқығанында жазушының өзінің «мені» сияқты әсер қалдырады. Қайыра оқығанында ол мүлдем басқа, антиқаһарман болып шығады. Мысалы, «Одағай әңгімелердегі» әр оқиға осылай жинақтала жұмырланған. Әрбір жазушы немесе символист ақынның өзіндік көркемдік тәсілдерді қолдану ерекшелігі бар. Жазушының «Құмырсқа-қырғын» әңгімесінде: «Егер біздікілер, яғни байырғы жұрт жеңіліп бара жатса, көмекке келемін. Бес-он минут ішінде быжылдатып төгем де, басқыншылардың екі ордасын қатарынан ойран қыламын. Өзіме-өзім риза болып, рахаттанып күліп алдым. Жеті қат көктің төріндегі Ақсақал жердегі мына бізге қарап, дәл осылай масаттанып отырған шығар. Кейбір кездерде ол Кісі... Кісі емес, Тәңірі тағалам да өзі араласып кететін тәрізді ғой» [1, 94], – деп, өзін Тәңірімен теңгеріп, психологиялық параллелизмді шебер қолданған әңгімесінде анықталмаған сарказм ұшырасады. М.Мағауиннің әңгімелерінің құрылымында метафоралық символ басым, бірақ ол өз кезегінде, көптеген метонимикалық кейіпкерлердің көзі болып табылады. Әңгіме құрылымында символикалық ойлаудың символдық құрылымдары мен принциптерін қайта құру бар. Символдарды мәтінде дұрыс әрі ұтымды пайдаланған автор оқырманды ерекше бір әлемге әкетеді.

М.Мағауиннің айтар ойын көркемдік тәсілдермен дәл өрнектей отырып бере білген әңгімелерінің бірі «Қасқыр-бөрі» қазіргі қазақ прозасына құрылымдық, түрлік өзгешелік әкелген ерекше туынды болып табылады. Жазушы мұнда ырсиған, арық, қу сүйек қасқырдың жалаңаш денесі мен иленген теріні бір-біріне қарама-қарсы ала отырып, әңгіменің қуаттылығын көрсете білген. Әңгімеде автор белгілі мақсатты көздеп, «қасқыр», «бөрі», «қазақтың қасқыры» сынды сөздерді қайталап отырған. Ол шығарманың көркемдігін арттырып, жазушының өзіндік дара стилін көрсетеді. Бұрыннан бар тәсілді қазіргі заманғы жаңа болмысты прозада қолданып, өзгеше жаңғыру мен түрленуге барғанын байыптаймыз.

Жазушының «Қос ағаш» әңгімесінде тұспал мен емеурін қатар ұшырасады. Көркемдік тұрғыда шынайы жазылған бұл әңгімесінде көптеген көркемдік тәсілдер бар: «Жер бетіндегі селдір тұман сол екі ағаштың басынан таралып жатқандай. Екі аяқты алып. Ертегідегі дәу. Айбынды. Сұсты. Бірақ қорқынышты емес еді. Салқам, суық кейпінің өзінде мейірлі жақындық бар. «Уа, қасиетті Қос Ағаш! Мына кішкентай құлыншағыма өзіңнің жасыңа тете ұзақ ғұмыр бер! Аллаһу әкбар!» - Қос Ағаш түтіндеген тұманы шұбалып бас изеді» [2, 372]. Мұнда автор ағашқа жан бітіру арқылы кейіптеу тәсілін қолданған. Әсіресе ауасы мен топырағы былғанған зағип дүниеден Қос Ағаштың найзағай түсіп, басынан бақайына дейін қып-қызыл жалынға оранып, қайтадан топыраққа айналуын осы кейіптеу тәсілін қолдану арқылы бейнеге айналдырған. Ағаштың адамдық кейіпке енуін: «Қасиетті Қос Ағаш өзіне ерекше бітім, өзгеше ғұмыр берген Көк Тәңірге мінәжат етті: «Уа, Тәңірім! Уа, Тәңірім! Өзің асқақтата көтеріп едің, Өзің алаулатып әкет! Ең соңғы сәтім – өткен, Өзің берген мыңжылдық ғұмырыма лайық болсын!», - деп көрсетеді [2, 383]. Табиғаттың еңселі етіп ерекше жаратқан, жарты дүниені алып жатқандай, жер мен аспанды тұтастыра қосып тұрғандай Қос Ағаштың суреттелуі жазушының шеберлігін көрсетеді. Автор мұнда оқиғаға деген өз ойы мен көзқарасын шегініс жасау арқылы білдіріп отырады.

Ұлт әдебиетінде жаңа сапа өлшемдердің бірі – қазіргі қазақ прозасының символикалық сипаты және бұл тәсілдің қазіргі прозада қолданылуы. Қазіргі қазақ прозасында ойды символикамен жеткізу әдісін батыл игерген жазушының бірі – Мұхтар Мағауин. Қаламгердің шығармаларында символ - көркемдік суреттеудің құрылымы мен қалыптасқан қағидасы. Жазушы үшін ол көркемдік қорытудың ең жоғарғы нүктесіне емес, көбінесе бастапқы шығармашылық серпінге, сондай-ақ оның шығармаларының мазмұндық тереңдігін анықтайтын түпкі мәнге айналады. Символдану немесе кейіпкердің имиджі бойынша даралау ұстанымдары

М.Мағауин әңгімелеріндегі символикалық кейіпкер қалыптасуының әр кезеңіне сәйкес келеді. Осы әдістерді біріктіру нәтижесінде белгілі бір символдың түрі пайда болады. Кейбір идеал немесе керісінше, кейіпкерді рухани туыстыққа негізделген теріс қасиет - адамның бейнесі - басқа адамдармен, белгілі бір адамның сапасының квинтэссенциясы. Бұл түрлер, мәселен, суретші, бала, зұлымдық және т.б. символдар үшін негізгі тірек болып табылады. Жазушының шығармашылық дарыны дамыған сайын олар да ұлғайып, ішкі мазмұнына жаңа, онтологиялық мағыналарды сіңіреді. Бұл үдерісте суреттердің интертекстілігін арттыру, сондай-ақ керемет, мифтік және көркемдік ойлау жүйесінде жүзеге асыруға арналған жағдайларға ену арқылы осындай маңызды рөл атқарады.

Мағауин прозасы хақында қалам қозғаған зерттеуші-әдебиетші-ғалым Т.Жұртбайдың талданғалы отырған «Қос ағаш» әңгімесіне байланысты пікірінде: «Қос ағаш» жазылғанға дейінгі жазушы Мұхтар Мағауин бір басқа. Мұнда жазушының «мені» басты кейіпкер дәрежесіне көтерілген, ал негізгі, қосалқы, үстеме, жанама сюжеттер сол «Менге» қызмет етеді. Жазылу мәнері – әр түрлі ырғаққа құрылған, баяндау тәсілі – құбылмалы, әдеби әдістері – алмағайып, алмасып отырады, шендестірулері – ширақ әрі күрделі, тұспалдары – тылсым, емеуіріні – екі-үш мәнге ие, нысанасы – әрі биік, әрі терең, оқиғаға – өзін де, өзіңді де араластырып, уақыт пен кеңістіктің желісімен жетектеп, қилы-қилы әсерде қалдырады. Сонымен қатар бұрын Мағауиннің прозасында қанық анықталмаған сарказмдық кекесіндердің өзі сюжеттің міндетін атқарып кетеді. Кейде жүрдек жазу мәнері тасырқап барып қайтадан екпін алады. Сағыныш пен өкініштің өзіне де бірде кекесінмен, бірде мысқылмен, бірде жылы жымыып қарайды. Оқиғаның басталуы, дамуы, көркемдік шешімі, нысаны қат-қабат қатталып, көркем ойдың салмағы сомданып шыға келгенде шап-шағын әңгіменің салмағы шартабақтай ауыр тартады» дейді [4,6]. Ендеше, М.Мағауиннің «Қос ағаш» әңгімесінің лирикалық-символикалық пішінін ашып көрелік. «Қос ағаш» әңгімесінің ауаны әріде. Ол мүлде басқаша ойды қозғайды. Ұлттық рух тұрғысынан киелі ағаш культін ұсынады. Автор кейіпкерінің Қос ағашты көрген кездегі алған әсерін суреттейді. Суреткер осы бала көзімен берілген «Қос ағаштың» бейнесінің әсем көрінісін грация әдісімен бейнелейді. Қаламгер бала көңілімен, бала қабылдауымен танылған алтын мен күміске малынған Қос Ағаш бейнесі – қазақтың құт-берекесінің символы. Ағаш ежелден киелі саналған. Қос Ағаш бейнесінің жомарттығы мен паңдығы грациямен беріледі. Қос Ағаш – киелі, зәулім ағаш, мифологиялық образ. Мұнда Қос Ағаш - мықтылық пен ескілік, киелілік символы болып тұр. Қос Ағаштың өзіне тән табиғи қасиеттерінің, табиғат факторларының нәтижесінде пайда болды деуге болады. «Ағаш – адамның күнкөріс қарекеті мен рухани өмірінде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштар да жаны бар «тіршілік иесі». Әлемнің көптеген халықтары ағашты қастерлеп, табынған... Иенде өскен жалғыз ағашты қасиетті ағаш, шығыс қазақтары «сетер ағаш» немесе көбінесе тал кездесетіндіктен «сетер тал» деп атайды. Қазақ наным-сенімі бойынша әулие адамның табаны тиген жерде өскен немесе әулиенің көлеңкесі түскен ағаш қасиетті ағашқа айналады екен. Ағашты киелі ағаш немесе әулие ағаш деп санап, оны кеспейді, зақым келтірмейді, тіпті саясына барып ұйықтамайды. Әйтпесе сол ағаштай сопыып жалғыз қаласың, ал дүниеде жалғыздықтан өткен жамандық жоқ, жанның құлазуынан асқан қорлық жоқ деседі. Жалғыз ағашты жалғыз қалудың нысаны деп қарайды. Топырақ үйілген төбешіктер, құла түздегі жалғыз ағаш, шөл мекен далада бұтақтары тарбиып өскен бұталар да қасиетті делінеді. Сол жерлерде түнейді, шүберек байлайды. Әулие жатқан жер деп танып, мал сойып, тілеу тілейді». «Қос ағаш» әңгімесінде лирика да, сыншыл сезім де, емеуірін де бар. Әңгіменің басынан-ақ «тұманның» қос ағаштың басынан көрініс табуы. «Әуелде бұлт екен деп ойлағам. Үйірілген, сұрғылт, бір будақ бұлт. Бұлт емес, одан беріде, бірақ биікте шоқталған өзгеше тұман екен. Мен көрмеген зәулім ағаштың арбиған, аумақты басы» [2, 371], – деп беріледі мәтінде. Тұман – алдыңды жауса

адастыратын, барам деген жеріңе жеткізбей, дал қылатын табиғаттың көп жанға аса ұнай қоймайтын құбылысы. Алайда, жазушы мұнда зәулім ағаштың басына жиналған «өзгеше тұман» деу арқылы біршама символикалық мағына беріп отырғанын аңғару қиын емес. Қазақтың басындағы тұман, қасиет ұғымын ұмыта бастаған халықтың кеудесін тұмшалаған тұман. Автор «тұман» сөзін символ етіп алып отыр. Әңгіме басынан көрініс беріп, соңында қасиетті Қос ағаштың отқа оранып мәңгілікке жоқ болуы – тұман сөзінің астарында бүгіліп тұрғандай. Әңгімеде ұлы даланың мәңгілік пәлсапасының үзілуі мен қазақ ұлтының талайлы тағдырын топшылаған. Мұнда қазақтың ұлттық танымы «қасиет» сөзінің елес беруі бар. М.Мағауиннің «Қос ағаш» әңгімесінен бұл леп анық аңғарылса керек. «Уа, қасиетті Қос ағаш!- деді атам мені ер үстінде құшақтаған қалпы қол жайып. Мен де қол жайдым. – Уа, қасиетті Қос ағаш! Мына кішкентай құлыншағыма өзіңнің жасыңа тете ұзақ ғұмыр бер! Аллаһу акбар!» [2, 372]. Қазақ хандығының құрылғанына куә болған, дала мен бабаның рухы болған қасиетті Бұл - Қос ағаштан бата алып, тілек тілеу, жақсылыққа сену, жақсылықтан үміттену. Халқымызда «иттің иесі болса, қасқырдың тәңірі бар» деген мақал бар. Ислам дініне дейінге мифтік танымда кие мотиві алғашқы орында тұрған. Барлық заттың иесі мен киесі бар деп ұғатын халық «кие ұрады» деп қорыққан. Кие - халық ұғымындағы жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет. «Қазақтар киеге үлкен мән береді. Қазақ кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары кесір деп аталады» - дейді Ш.Уәлиханов [4, 302]. «Бұл әңгімеде аспан мен дала, ата мен бала, арман мен өмір арасын байланыстырған ұлы аңсар бар. Ол аңсар жазушының ішкі аңсарымен астасқанда мәңгілік ел туралы сарынға айналып кетеді. Қос ағаш – қос өмір, қос тағдыр, қос әлем, қос қоғам. Қос ағаш – фәни мен бақидың арасындағы ұлы сарынды тамыр. Ол – өмір ағашы, көне түркіше Мықан ағашы. Ол – тамыры көкке, жапырағы жерге қараған жазмыш ағашы. Әңгімені оқығанда осындай ассоциациялық коллизиялар ойынды ұрлап алады», - деп тұжырымдайды ғалым Т.Жұртбай [3]. Иә, Қос ағашта – ескі мен жаңаның, кеше мен бүгіннің арасын айшықтайтын тұспал бар. Зәулім бәйтерек өткен мен бүгінді және ертеңді жалғастырып тұрған көркем образ түрінде де алынған. Неге қос ағаш? Автор «қос» сөзін неге алып отыр? Біздің ұғымда «қосағыңмен қоса ағар» деген философиялық мәнге ие қадірлі сөз бар. Автор да: «-Кел, өлшейік, дедім мен. Бірнеше бала айналып тұра қалып, құшағымызды жазып, қол жалғадық. Әуелгі құшағымыз жетпеді, тағы бір-екі бала қосылды. Жеті құшақ. Екіншісін өлшедік. Бұл да алып. Бес құшақ. «Ғажап!» - деді Бөкен. Сонан соң: «кішісі – әйел, үлкені – еркек...». Балалар ду күлді. «Биологияны оқыңдар, жоғары сатыдағы өсімдіктердің бәрі қос жынысты. Бірі – еркек, бірі – әйел. Мың жыл бойы қосағымен көгеріп тұрған...» [2, 378].

Талай уақытты бастан өткерген қасиетті Қос ағаштың не қиынта да екіге жығылмай, қостасып қатар ұзақ өмір сүруі. Қазақ отбасы секілді. Адам тағдыры секілді. Жұп құрап, ақтық демдері біткенге дейін қуаныш пен қайғыны, ащы мен тәттіні қатар көруге бел байласқан жұптар секілді. Бір-біріне ыстықта сая, суықта пана болған - Қос ағаш. Кешегі «... Шыңғыстың өзі тізе бүгіпті. Қасарған жаудан қайтпаған Еңсегей бойлы Ер Есім ханның өзі медет сұрапты. Үш Алаш, тоқсан тоғыз бабаның аруағы қонған Абылай ханның өзі сыйынып, түбіне қонышты» [2, 382],- деп келген әңгіме желісінде қасиетті Қос ағаш өскен қасиетті мекенді, атамекенді, туған жерді, туған топырақты ұлықтап тұрғандай. «Табиғатқа құрметпен қарап, кие тұтқан бабалар сенімі ондағы әрбір нысанды тірі рух ретінде бағаласа»,- деп жазады. Сол қадірлі Қос ағаштың қызыл шоққа айналып, сиықсыз, қортық қауыммен бірге ғұмыр кеше алмайтындығынан топырыққа айналуы – дүниеде еш нәрсенің мәңгілік емес екендігін, «жалған дүниеде» басқаларға құлай сенудің қажет еместігін, атақ пен даңқтың, абыройдың да бір күні сөнетінін тұспалдайды. Ата мұрасын аяққа басқан, дәстүр-салтын ұмытқан қауымның есін жиғызу үшін де Қос ағаш табанынан төбесіне дейін қызыл отқа оранды. Көк пен жердің

арасында қызыл от, адамдардың көңіліне қорқыныш орнатқан алып қызыл қос баған жоқ болды. Автор қасиетті Қос Ағаштың құлдырау үрдісін де градациямен береді. Әңгіменің сюжеттік құрылымын шиленістіру арқылы ауыл маңындағы алдыңнан асқар таудай менмұндалап тұратын Қос Ағаштың жоқтығы кейіпкеріне қаншалықты ауыр тигендігін психологиялық талдау жасай отырып суреттеген. Шегініс жасау арқылы әңгіменің ішіндегі әңгіме шертіліп, Қос Ағаштың жоқ болу себебі кейіпкер ойымен қорытылып, түйінделіп отырады. Байқап отырғанымыздай, Мұхтар Мағауиннің «Қос ағаш» әңгімесінің лирикалық-символикалық пішіні де осы тұста ашылады.

Қорыта келгенде, автордың айтпағы – ежелгі ата-баба қастерлеген құндылықтардың бағасын, парқын білу. Табиғат пен адам бірлігін, тұтастығын сақтаған алғашқы адам сезімінің артықшылықтарын алға тарту әрі бүгінгі рухани дағдарыс тұсындағы ұрпаққа өнегелі тұстарын үлгі ету.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мағауин М. Құмырсқа-қырғын. Әңгімелер кітабы. - Астана: Аударма, 2004. – 352б.
2. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. Жетінші том. - Алматы: Қағанат – ГМО баспасы, 2002. – 371б.
3. Тұрсын Ж. Мұхтардың «Қос ағашы». 2011. - Minber.kz
4. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 2008. – 5-т.- 17 б.

ӘОЖ 1751

#### **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «СӨЗ» КЕҢІСТІГІ**

**Жұмабекова Ақерке Дәуренқызы**

[akerke\\_zhumabekova.00@mail.ru](mailto:akerke_zhumabekova.00@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова (ф.ғ.к., профессор)

Поэзия – өнердің ерекше түрі. Ол адамның ойы мен сезімін біріктіреді. Ақынның терең, дербес ой-сезімі біздің сезімімізде өзінің ізін қалдырады. Поэзия сұлулық пен әсемдіктің алғашқы бейнесін жасайды. Абай қалдырған әдеби мұра терең мағыналы ізгі ойларға толы, шебер тілмен өрнектелген көркем туынды. Абайдың көп қырлы шығармашылығы, адами болмысы алаш тұлғалары еңбектерінде, М.Әуезовтің еңбегінде ғылыми және шығармашылық тұрғыда зерттелді. М.Әуезов Абайдың поэтикалық мектебі туралы ғылыми идея көтерді, сол арқылы ақынның дүниетанымы, әдісі мен стилі зерттеліп, оның ақын шәкірттерінде жалғасын тапқан дәстүрі қоса айқындалды [1].

Абай Құнанбаевтың шығармалары алғаш рет 1909 жылы Петерборда жарық көрсе, 1933 жылы Абайдың тұңғыш толық жинағы жарық көрген. Одан кейінгі жарық көрген жинақтарға М.Әуезовтің басшылығымен текстологиялық өзгерістер енгізіліп, ақын өлеңдерінің мәтінін қайта қарап, көп түзетулер енгізген. 1976 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан ақынның өлеңдер жинағы да өзіне дейінгі жинақтардың дәстүрін жалғастырды. Абай өлеңдерінің ішінде идеясы жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылары көп. Ақынның «Сегіз аяқ», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Желсіз түнде жарық ай», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» секілді өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.